

**2010 жылғы субсидияланатын приоритеттік ауыл шаруашылық дәнді-дақылдардың түрлері бойынша егістіктің оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 12 мамырдағы N 223 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 мамырда N 13-11-178 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2012 жылғы 22 маусымдағы N 02.10-07-02-542 хаты)

**Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2012.06.22 N 02.10-07-02-542 хаты)**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 25 ақпандағы № 123 қаулысымен бекітілген облыстық бюджеттерді және Астана қаласы бюджетінің көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға 2010 жылдың республикалық бюджетінен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Ережелерінің 7-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тайынша ауданы бойынша 2010 жылғы субсидияланатын приоритеттік ауылшаруашылық дәнді-дақылдардың келесі түрлері бойынша егістіктің оңтайлы мерзімдері белгіленсін:

1) жаздық бидай (орташа пісетін, орташа кеш пісетін) – 15 мамырдан 5 маусымға дейін;

2) арпа (орташа кеш сұрып) – 25 мамырдан 30 мамырға дейін;

3) арпа (орташа пісетін сұрып) – 30 мамырдан 5 маусымға дейін;

4) сұлы (орташа кеш пісетін сұрып) – 25 мамырдан 30 мамырға дейін;

5) сұлы (орташа пісетін сұрып) – 27 мамырдан 30 мамырға дейін;

6) асбұршақ – 25 мамырдан 30 мамырға дейін;

7) қаракұмық – 25 мамырдан 30 мамырға дейін;

8) рапс – 10 мамырдан 20 мамырға дейін;

9) зығыр, қыша – 17 мамырдан 20 мамырға дейін;

- 10) май жасалатын күнбағыс тұқымы – 15 мамырдан 18 мамырға дейін;
  - 11) біржылғы шөптер – 1 маусымнан 5 маусымға дейін;
  - 12) картоп – 18 мамырдан 23 мамырға дейін;
  - 13) көкөніс – 25 мамырдан 10 маусымға дейін;
  - 14) сүрлемге арналған жүгері – 16 мамырдан 20 мамырға дейін.
2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі.

*Тайынша ауданының әкімі*

*А. Маковский*